



**Климактериялық
синдром
патофизиологиясы**



*Эстродиол – әйел организмде ең үлкен белсенділікке ие. Оның жеткіліксіздігі шамамен 45 жастан басталып, менопаузадан кейінгі кезеңде төмен шегіне жетеді. Постменопауза кезіндегі негізгі эстрогендік гормон – эстрон болып табылады. Ол андростендионнан бөлінеді. Андростендион өз кезегінде жұмыртқа стромасы мен бүйрек үсті безінің қыртысты бөлігінен секреттеледі. Эстрогеннің түзілуі май тіндерінің жасушасында ароматизациясының нәтижесінде жүзеге асады.

*Жұмыртқа жасушалары уақыт өте келе көлемі жағынан кішірейе бастайды. Мұның себебі 35-40 жас аралығында ақ денелердің сіңірілуі төмендейді. Ақ дене деп отырғанымыз сары денелердің орнына қалыптасатын дәнекер тінді түзіліс. Аталмыш түзілістің қалыптасуы нәтижесінде жұмыртқалар бүрісіп, гиализденеді немесе склерозданады. Осылай 5 жыл шамасында жұмыртқа клеткаларында бірен-саран ғана фолликулалар сақталады.

*Климактериялық кезеңде гонадотропиндердің көрсеткіші ұлғайып, эстрогендердің төмендеуі болады. Бұл өзгерістер пременопауза кезінде басталады. Менопаузадан кейінгі 1 жыл кезеңде ФСГ 13-14 есе жоғарылайды, ал ЛГ 3 есеге. Нәтижесінде гонадотропты гормондар төмендейді.